



<http://webinar.ziyatker.org>

2020 жылғы 14-16 қыркүйек

Баспасөз хабарламасы

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың (әуе, зымыран, көлік, кеме құрастыру) республикалық жарысын (бұдан әрі - Жарыс) 2020 жылғы 14-16 қыркүйекте <http://webinar.ziyatker.org> интернет платформасында қашықтық форматында, сонымен қатар онлайн режимінде өткізеді.

Жарыстың мақсаты: Қазақстан Республикасында балалардың техникалық шығармашылығын дамыту, тұлғаның шығармашылық құзыреттілігінде бәсекелестік артықшылықтарын қалыптастыру, білім алушылардың өзін-өзі кәсіби анықтауы үшін жағдай жасау.

Жарысқа жалпы орта және балаларға қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары – облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларындағы Жарыс кезеңдерінің жеңімпаздары қатысады. Республикалық жарысқа қатысушылардың жалпы саны – 170 адам.

Жарыс бағдарламасына авиа, авто, ракета және кемені модельдеу бойынша командалық жарыстар енеді.

Жарыстың нәтижесі бойынша жеңімпаздар дипломдар мен құнды сыйлықтар, жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттар, барлық қатысушылар сертификаттар алады.

Сондай-ақ «Үздік өнертапқыш», «Алтын зымыран», «Үздік техник», «Үздік кеме құрастырушы», «Үздік көлік құрастырушы», «Үздік әуе модельдеуші» номинациялары бойынша үздік қатысушылар анықталатын болады.

Жарыс білім алушылардың ғылыми-техникалық шығармашығы пен құрастырушылық ойлау қабілетін дамытуға, жас техниктерді ғылыми-зерттеу және өнертапқыштық қызметке тартуға, әр түрлі білім беру ұйымдарының білім алушылары мен педагогтерінің тәжірибе алмасуына және өзара қарым-қатынасына жағдай жасайды, балалар мен жастардың ғылым, білім және жоғары технологияларға қызығушылығын арттыруға септігін тигізеді.

Республикалық деңгейдегі жарыстар өңірлердің техника саласында шығармашылық қызметке қабілетті және бейімді балаларды анықтау, оларды кәсіби бағдарлау және ерте кәсіби білім беру жүйесін құру мүмкіндіктері мен жағдайларын анықтауға бағытталады.

Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефондарға хабарласуға болады: + 7 (7172) 64 27 22; e-mail: rumcdo_nton@mail.ru